

**Мектептегі педагогикалық практика
кезеңінде болашақ мұғалімнің
инновациялық қызметке
дайындығын қалыптастыру**

Бабич Ирина Михайловна

**Павлодар қаласы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі директорының
орынбасары**

Зерттеудің өзектілігі

Болашақ мұғалімдердің инновациялық қызметінің табыстылығы олардың инновацияның практикалық маңыздылығын кәсіби деңгейде ғана емес, сондай-ақ қаншалықты жеке деңгейде сезінуіне байланысты.

Осыған байланысты болашақ педагогтердің өндірістік тәжірибе кезеңінде мектептегі инновациялық қызметке дайындығын қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр.

Арасындағы қайшылықтар

1

Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайларда белсенді инновациялық жұмысқа қабілетті ұстазға қоғамның қажеттілігі және оны жүзеге асыру үшін болашақ мұғалімдердің теориялық және практикалық дайындығының жеткіліксіздігі;

2

Болашақ мұғалімді даярлаудың репродуктивті сипаты және инновация режимінде жұмыс істеу жағдайында нәтижелі педагогикалық қызметтің қажеттілігі;

3

Үздіксіз педагогикалық практикадан өту кезеңінде жаңалықтарды енгізуге дайын инновациялық мектеп әкімшілігінің болашақ кадрларды даярлаудың маңыздылығын түсінуі және мектепте олардың дайындығын қалыптастыру үшін әзірленген ұйымдастырушылық және педагогикалық жағдайлардың болмауы

Зерттеу мәселелері: қазіргі мектепте болашақ мұғалімдердің инновациялық қызметке дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары қандай?

Зерттеу нысаны: заманауи мектептегі инновациялық қызмет

Зерттеу пәні: болашақ мұғалімдердің инновациялық қызметке дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Зерттеу мақсаты: болашақ мұғалімдердің инновациялық қызметке дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарының нәтижелілігін теориялық негіздеу және эксперименталды тексеру

Әдістемелік тәсілдер

Жүйелілік-іс-әрекет тәсілі

Тұлғалық-іс-әрекет тәсілі

Міндет 1. Ғылыми-педагогикалық әдебиетті талдау негізінде қазіргі мектептегі инновациялық қызметтің даму мәселелерін зерттеу



Кедергілер

Когнитивті

жаңашылдық туралы білімі, жаңаға деген алғырлық болмаған кезде пайда болады және пассивті қарсы іс-әрекеттің пайда болуына ықпал етеді

Реттеуші

жаңалықтарға, осы жаңалықтарды ұсынатын бастамашылдарға, басшылыққа сенімсіздік таныту арқылы көрінетін жаңашылдықтарға белсенді қарсы әрекет

Шығармашылық

келісімпаздық, басқа педагогтерден әрекеттері және өз пікірімен ерекшеленбеу ниеті, сәтсіздіктен қашу бағдарланудың басым болуы, жеке мазасыздық және өзіне, өзін-өзі төмен бағалау, ойлаудың психологиялық инерциясы

Міндет 2. Қазіргі мектептегі инновациялық қызметке болашақ мұғалімдердің дайындығының мәндік сипаттамаларын анықтау

Мұғалім қызметінің аспектілері

Тұлғалық

қызметке белсенді, позитивті көзқарас;
қызметке деген құмарлыққа айналатын
бейімділік, қызметті орындау кезіндегі
қолайлы психикалық жағдайлар; қызмет
талаптарына жауап беретін нақты
сенсорлық және ақыл-ой ерекшеліктері

Кәсіби

белгілі бір саладағы білім, білік пен
дағдылардың жиынтығы; қызығушылық
деңгейі, жұмыс нәтижелері үшін уәждеме,
жауапкершілік деңгейі, кәсіби
мүдделерінің тұрақтылық дәрежесі;
кәсіби міндеттерді анықтаудағы және
шешудегі дербестік

Міндет 3. Болашақ педагогтардың инновациялық қызметке дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын негіздеу

Шарттар:


инновациялық қызметке дайын болуын жоғары деңгейлі педагог-тәлімгерлермен қамтамасыз ету

болашақ педагогтердің процессуалдық-когнитивтік білімін, іскерлігін, дағдыларын дамыту мүмкіндігін тәлім беруші мұғалімдермен шығармашылық процесте қамтамасыз ету

болашақ педагогтің мектептегі инновациялық қызметке дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз етудің құралдары мен мазмұнын әзірлеу және енгізу

Болашақ мұғалімнің мектептегі инновациялық қызметке дайындық моделі

Мақсаты: болашақ мұғалімнің мектептегі инновациялық қызметке дайындығын қалыптастыру



Болашақ мұғалімдердің инновациялық қызметке дайындық деңгейі


Дайындық критерийлері	Болашақ мұғалімдердің инновациялық қызметке дайындық деңгейі		
	жоғары	орта	төмен
Мотивациялық	Инновациялық қызметті жүзеге асыруға тұрақты оң мотивация	Педагогика және психология саласындағы білімі, қызметтің оң нәтижелеріне ұмтылу қажеттілікке айналады	Инновация жағдайындағы кәсіби қызметте нақты мақсаттарының болмауы; қытудың дәстүрлі әдістері мен формаларына бейімділік
Когнитивті	Іс-әрекеттердің саналылығы және кәсібилігі; педагогика, психология, инновациялық процестер саласындағы білімі	Жаңалықтарды жүзеге асыру бойынша іс-қимыл реттілігін түсіну, психологиялық-педагогикалық білімді тереңірек қолдану қажет	Инновациялық қызметтің мәні туралы теориялық білімнің төмен деңгейі; проблеманың ұғымдық аппаратын және психологиялық-педагогикалық білімді қолдану дағдысының төмендігі;
Креативті	Оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудың әр түрлі тәсілдерін бағалайды; іс-әрекеттің вариативтілігіне қабілетті; шығармашылық жағынан белсенді	Жиі репродуктивті қызмет байқалады, бірақ кейде кәсіби жұмыста шығармашылық танытады	Үлгі бойынша әрекеттер, жиі стереотиптік мінез-құлық түрлері
Үдерістік	Мақсатқа негізделген сенімді әрекеттер.	Іс-әрекеттердің айқындығы мен нақтылығының жеткіліксіз деңгейі	Рефлексия, өзін-өзі реттеудің, бірзділік пен саналы іс-әрекеттердің төмен деңгейі. төмен деңгейі.

«Болашақ мұғалімнің инновациялық қызметке дайындығын қалыптастыру» курсының бағдарламасы

Бөлімдер	Өткізу формасы
Оқытудың инновациялық әдістері және жаңа педагогикалық тұжырымдамалар	Семинар
	Коуч-сессия
	Семинар-практикум
Мұғалім көшбасшылығы	Семинар
	Семинар-практикум
	Коуч-сессия
Мұғалімнің тәжірибесін зерттеудегі инновациялық тәсілдер: сабақты бақылау және зерттеу	сабақты бақылау және зерттеу
Жоспарлаудағы, оқытудағы, бағалаудағы инновациялық тәсілдер.Рефлексия.	Семинар-практикум
NIS – program білім беру бағдарламасы	Семинар
Оқу үдерісін психологиялық қолдау және оқушылардың дарындылығын дамыту	Семинар-практикум
	Практикум
Тәрбие үдерісінің инновациялық ерекшеліктері:теория және практика	Семинар
Болашақ мұғалімнің тәжірибесі	Практика

Болашақ мұғалімнің мектептегі инновациялық қызметке дайындық моделі

Мақсаты: болашақ мұғалімнің мектептегі инновациялық қызметке дайындығын қалыптастыру




Міндет 4. Болашақ мұғалімдердің инновациялық қызметке дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарының нәтижелілігін зерттеу үшін өлшемдер мен әдістемелер кешенін таңдау, әзірлеу және сынақтан өткізу


Критерийлер	Немі бағалады	Әдістемелер
Мотивациялық	Жаңалықтарды жасау, енгізу және қолдану қажеттілігі, жаңалықтарға, инновацияларды қолдануға бейімділік себептері.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тұлғаның мотивациялық құрылымының диагностикасы (В. Э. Мильман) 2. «Табыс мотивациясы және сәтсіздіктен қорқу» (А. А. Реана) 3. «Инновациялық қызмет жолындағы кедергілер» сауалнамасы 4. Инновациялық қызметке дайындық шкаласы (С. Степанов) 5. «Болашақ мұғалімнің инновациялық қызметті таңдау себептері» сауалнамасы
Когнитивті	Педагогикалық инновация, пәндік білім саласындағы білім тереңдігі; инновациялық әдістерді, тәсілдерді, құралдарды қолдану тәсілдері.	<ol style="list-style-type: none"> 1. «Дәстүрлі және инновациялық технологиялар» 2. «Мұғалімнің әдістемелік мәдениетін өзіндік бағалау» (авторы В.А. Андреев) 3. NIS-program мәселелері бойынша пәндік тест.
Креативті	Инновацияларға ашықтық дәрежесін белгілеу, икемділік деңгейін анықтау, ойлау мен шығармашылық қиялдың сындылығы	Шығармашылық әлеуетті бағалау әдістемесі «Сіздің шығармашылық әлеуетіңіз қандай?»
Процессуалды	Нақты білім беру үдерісінде жаңалықтарды қолдануға дайындық деңгейі (мектептегі қызмет).	«21 ғасыр мұғалімінің құзыреттілігі» сауалнамасы

Эксперименттен кейін болашақ мұғалімдердің дайындығының мотивациялық компонентінің динамикасы

Тұлғаның бағыты




Инновациялық қызметте кедергілері бар болашақ мұғалімдердің %




Инновациялық іс-әрекетке дайындығы

Топтар	Дайындықтың төмен деңгейі (сұралғандар %)		Дайындықтың орта деңгейі (сұралғандар%)		Дайындықтың жоғары деңгейі (сұралғандар%)	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Бақылау	68	60	32	40	-	-
Эксперименттік	65	43	35	45	-	12

Болашақ мұғалімдердің инновациялық қызметті таңдау себептері: өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру



Инновациялық қызметке даярлықтың когнитивті компонентінің динамикасы (пәндік білім)



Табысқа ұмтылу және сәтсіздікті болдырмау себептері

Топтар	Табысқа ұмтылу себептері (сұралғандардың %)		Сәтсіздікті болдырмау себептері (сұралғандардың %)	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
ЭТ	2	12	15	10
БТ	1,2	6	36,8	45

Эксперименттен кейін болашақ мұғалімдердің дайындығының креативті компонентінің динамикасы

Инновациялық қызметке даярлықтың когнитивті компонентінің динамикасы (педагогикалық білім)



■ Контрольная группа ■ Экспериментальная группа


Инновациялар туралы ақпарат көздері

Топтар	Әдеби және интернет көздері		Басқа әріптестердің тәжірибесі		Өз тәжірибесін талдау		Жауап беруге қиналамын	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
ЭТ	39	45	-	46	-	9	61	-
БТ	30	30	-	16	-	4	70	50

Шығармашылық жұмысқа қабілеттілік

Топтар	Төмен		Орта		Жоғары	
	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
ЭТ	25	0	75	92	-	8
БТ	26	8	74	92	-	-

Эксперименттен кейінгі болашақ мұғалімдер дайындығының процессуалдық компонентінің динамикасы



Зерттеудің нәтижелілігі және қорытындылар

- Мектептегі инновациялық қызметке болашақ мұғалімдерді дайындау тиімділігінің шарттары анықталды.
- Диагностикалық құралдарды, бағалау критерийлерін, бағдарламаны, қағидаттарды, дайындау тәсілдерін, мектептегі болашақ мұғалімдерді қолдаудың ұйымдастырушылық құрылымын, нормативтік-құқықтық құжаттаманы қамтитын мектептегі инновациялық қызметке болашақ мұғалімдердің дайындығын қалыптастырудың моделі әзірленді.
- Зерттеу материалдарын қолдану жас маманның инновациялық мектептегі жаңа жұмыс жағдайларына бейімделу мерзімін азайтуға мүмкіндік береді, оның нақты психологиялық-педагогикалық міндеттерді шешу процесінде уәждемесінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.
- Зерттеу материалдары болашақ мұғалімдердің педагогикалық жоғары оқу орындарында, мектепте өндірістік тәжірибе кезінде, жоғары оқу орындары мен мектеп оқытушыларының біліктілігін арттыру курстарында кәсіби даярлауда қолданылуы мүмкін.